



Тұрақты даму мәселелері жөніндегі студенттік комитет

Біз тұрақты болашақты құрамыз!



Тұрақты даму мәселелері жөніндегі студенттік комитет (бұдан әрі – Комитет) студенттердің Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) іске асыруға және ілгерілетуге қатысуын арттыру мақсатында құрылған.

Комитеттің мақсаттары:

1. ALT университеті студенттері арасында Тұрақты даму мақсаттарын танымал ету;
2. Тұрақты дамудың экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
3. ALT университетінің «Жасыл кампус» бастамаларын іске асыруға қатысу.

Комитеттің негізгі міндеттері:

1. Студенттердің Тұрақты даму мақсаттары туралы хабардарлығын арттыру;
2. Тақырыптық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу (форумдар, воркшоптар, экологиялық акциялар, эко-бастамалар, челленджер);
3. Ұлттық және халықаралық студенттік ТДМ желілеріне қатысу;
4. ТДМ контексінде студенттік стартаптар мен ғылыми жобаларды әзірлеу;

5. Кампустың күнделікті өміріне тұрақты даму тәжірибелерін енгізу (қалдықтарды сұрыптау, ресурстарды үнемдеу, жасыл аймақтар және т.б.);

6. ТДМ-ды танымал ету бойынша ақпараттық кампаниялар жүргізу (әлеуметтік желілер, постерлер, бейнероликтер арқылы).

2024 жылғы 25 сәуірдегі №8 Ғылыми кеңес отырысында бекітілген.